

Қорғау аймағын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы әкімдігінің 2008 жылғы 7 сәуірдегі N 473 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2008 жылы 30 сәуірде N 4204 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 2013 жылғы 30 мамырдағы N 150 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 30.05.2013 N 150 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне және "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ**

Е Т Е Д І :

1. Қолайсыз сыртқы әсерлерден ерекше күзету мен қорғауды қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Барсакелмес мемлекеттік табиғи қорық" мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - қорық) айналасында жалпы көлемі - 46309,34 гектар, соның ішінде "Барсакелмес" учаскесінде 19638,77 гектар және "Қасқақұлан" учаскесінде 26670,57 гектар жер учаскесін қамтитын қорғау аймағы **б е л г і л е н с і н .**

2. Белгіленген қорғау аймағы шегінде қорықтың экологиялық жүйелері мен оның аумағында орналасқан объектілерінің жай-күйіне және оларды қалпына келтіруге теріс әсер ететін кез келген қызметке тыйым салынсын.

3. Осы қаулының қосымшасына сәйкес қорықтың қорғау аймағының аумағында табиғатты пайдаланудың тәртібі мен режимін айқындау Қағидасы **б е к і т і л с і н .**

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау облыс әкімінің орынбасары **Б . Е л а м а н о в қ а** **ж ү к т е л с і н .**

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі *М. Құл-Мұхаммед*
Қызылорда облысы әкімдігінің
2008 жылғы 7 сәуірдегі N 473
қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Барсакелмес мемлекеттік табиғи қорық" мемлекеттік мекемесінің қорғау аймағы аумағында табиғатты пайдаланудың тәртібі мен режимін айқындау қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қағида Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Барсакелмес мемлекеттік табиғи қорық" мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - қорық) қорғау аймағы аумағында табиғатты пайдаланудың тәртібі мен режимін айқындау мақсатында дайындалды.

2. Қорғау аймағы қорықтың шекарасы бойымен табиғи географиялық шептер бойынша ерекшеленеді және жер бетінде арнайы белгілермен белгіленеді.

2. Қорықтың қорғау аймағының режимі

3. Қорықтың қорғау аймағының барлық аумағында күзет режимі белгіленеді.

3. Қорықтың қорғау аймағы аумағында табиғатты пайдалану тәртібі

4. Қорықтың қорғау аймағының аумағында оның экологиялық жүйелерінің жай-күйіне теріс әсер етпейтін шаруашылық қызметтің мынадай әртүрлі нысандары жүзеге асырылуы мүмкін:

- 1) орман шаруашылығы қызметі;
- 2) мал жайылымы және шөп шабуды қоса алғанда, дәстүрлі жер пайдалану, сондай-ақ биологиялық саналуандықты ұзақ мерзімді сақтау мен оның беріктігін қамтамасыз ету шеңберіндегі өзге де қызмет;
- 3) туристік және рекреациялық қызмет;
- 4) минералды суларды, жер астының жылы суларын және климаттық ресурстарды пайдалану;
- 5) орман және дала өрттерін сөндіру жөнінде жердегі және авиациялық жұмыстарды жүргізу;
- 6) бүлінген жерлерді қалпына келтіру және фитомелиорациялау;
- 7) орман және өзге де өсімдік қауымдастықтарын қалпына келтіру;
- 8) жабайы жануарлардың мекендеу ортасы мен санын қалпына келтіру;
- 9) жер учаскелерінде туристер болатын жерлерді жайластыру, өсімдіктер мен жануарлардың эндемикалық, сирек кездесетін және құрып бара жатқан түрлерін жасанды жолмен көбейту, өсіру, өндіру үшін питомниктер салу, мемлекеттік табиғи қорық қызметкерлерінің тұруы үшін қызметтік үй-жайлар (кордондар)

салу, оларға қызмет бабындағы жер үлестерін беру үшін пайдалану;
10) кәсіпшілік және әуесқойлық (спорттық) балық аулау.

5. Қорықтың қорғау аймағында жоғарыда аталған қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде жануарлар мен өсімдіктер дүниесі объектілерінің мекендеу ортасын және көбею жағдайларын, жануарлардың қоныс аудару жолдары мен шоғырлану орындарын сақтау жөніндегі іс-шаралар көзделуге және жүзеге асырылуға, жабайы жануарлардың мекендеу ортасы ретінде ерекше құнды учаскелерге, сондай-ақ мемлекеттік табиғи қорық қорының өзге объектілеріне қол сұғылмауы қамтамасыз етілуге тиіс.

6. Белгіленген қорғау аймағы шегінде қорықтың экологиялық жүйелері мен оның аумағында орналасқан объектілерінің жай-күйіне және оларды қалпына келтіруге теріс әсер ететін кез келген қызметке тыйым салынады, оның ішінде:

1) жаңа елді мекендер құруға және бар елді мекендерді кеңейтуге;
2) қорықтың экологиялық жүйелеріне зиянды әсер ететін объектілерді орналастыруға, жобалауға, салуға және пайдалануға, жаңа технологиялар енгізуге;

3) жануарлар мен өсімдіктер дүниесі үшін зәрлі улы химикаттар, тыңайтқыштар мен гербицидтер қолданылатын ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығының интенсивті нысандарын енгізуге;

4) атмосфераға және ашық су көздері мен рельефке ластаушы заттар шығаруға және сарқынды суларды төгуге, қалдықтарды орналастыруға;

5) пайдалы қазбалар өндіруге;

6) радиоактивті материалдар мен өнеркәсіп қалдықтарын көмуге;

7) қорықтың экологиялық жүйелерінің гидрологиялық режимін өзгертетін қызметке (бөгеттер, дамбалар, гидротехникалық құрылыстар және табиғи су ағынын тоқтатуға немесе азайтуға әкеп соғатын басқа да объектілер салуға);

8) жабайы жануарлар мен жабайы өсімдіктердің бөтен түрлерін жерсіндіруге;

9) әуесқойлық (спорттық) және кәсіпшілік аң аулауға;

10) қорықтың экологиялық жүйелеріне зиянды әсер ететін басқа да қызмет.